ЖЕКЕШЕ ҚАУЛЫ

2025 жылғы 21 сәуір №1ам/ 289 Түркістан қаласы

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья Н.Ешпанов,

хатшылықта М.Сейілхановтың отыруында,

облыс прокуратурасының басқарма прокуроры М.Смайловтың,

шағым беруші адвокат Г.Саржановтың қатысуларымен жабық сот отырысында, шағым беруші Г.Саржановтың Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (әрі қарай- ҚПК) 106-бабының тәртібімен Мақтаарал аудандық полиция бөлімінің (әрі қарай - Бөлім) тергеушісі Д.Жақсылықтың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) келтірген шағымы бойынша 2025 жылғы 10 сәуірдегі Мақтаарал аудандық сотының қаулысына адвокат Г.Саржановтың ҚПК-нің 107-бабына сай келтірген жекеше өтінішхатымен келіп түскен қылмыстық іс-құжаттарын қарап,

АНЫҚТАДЫ :

2025 жылғы 10 сәуірдегі Мақтаарал аудандық сотының қаулысымен шағым беруші адвокат Галымжан Турлыбекович Саржановтың (күдікті Е.К[redacted] мүддесі үшін әрекет етуші) Мақтаарал ауданының прокурорының, Мақтаарал АПБ-нің тергеушісі Д.Қ.Жақсылықтың әрекеттеріне Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібімен берген шағым арызы қараусыз қалдырылып, кері қайтарылған.

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Мақтаарал аудандық сотының 2025 жылғы 10 сәуірдегі қаулысы өзгеріссіз, адвокат Г.Саржановтың жекеше шағымы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Аталған істі қарау барысында, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы мен прокурор тарапынан қылмыстық процестік заңнама нормаларының елеулі бұзылғандығы анықталды, сондықтан, сот алқасы осы жекеше қаулыда жіберілген бұзушылықтарды көрсетуді қажет деп табады.

Іс құжаттарына сай, Түркістан облысы Полиция департаментінің Мақтаарал ауданы Полиция бөлімі ТБ-нің аға тергеушісі Д.Жақсылықтың (Әрі қарай - Тергеуші) өндірісінде ҚК 174-бабы 2-бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бойынша Е.[redacted] қатысты №255143031000056 қылмыстық іс материалдары бар.

09.03.2025 жыл 15:08 сағатта күдікті Е.К[redacted] қорғаушысы Г.Саржанов тарапынан ҚПК 99-бабына сай іс бойынша тергеушіге өтінішхат келтірілген (15:30 сағатта өтінішхаттың көшірмесі тергеушінің «Ватсап» нөміріне қоса жіберлілген). Онда тергеушіден күдікті Е[redacted] ашық жарияланған «Ютуб» әлеуметтік желісінен сілтемесін көшіріп, құрамында 40 адам бар «Ватсап» әлеуметтік желісіндегі «Атакент Бауырлар» тобына